

## **5B010700 – БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ СЫЗУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **1. 5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

**Оқу бағдарламасының мақсаты** – бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындау:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу,
- бейнелеу өнері және сызу саласында жүйеленген білімді қалыптастыру,
- бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру,
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

#### **Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:**

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ бейнелеу өнері және сызу мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- болашақ бейнелеу өнері және сызу мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін және жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

### **2. 5B010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша түлекке білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер**

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- жалпымәдени;
- кәсіби;
- пәндік.

#### **2.1 Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген;

2.1.2 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолдануға дайын;

2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізеді*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген*;

2.1.4 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады*;

2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар*;

2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үрдісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

- 2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;
- 2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;
- 2.1.9 тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға қабілетті.

## **2.2 Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

- 2.2.1 оқу-тәрбие үрдісін *модельдей алады* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын;
- 2.2.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;
- 2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын*;
- 2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін *пайдалануға дайын*;
- 2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан білімдерін *қолдануға дайын*;
- 2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;
- 2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерген;
- 2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінеді*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *ұстанады*;
- 2.2.9 қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;
- 2.2.10 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;
- 2.2.11 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;
- 2.2.12 сыни ойлау әдістемесін *біледі*;
- 2.2.13 инклюзив білімінің құндылығын және сенімін бөледі;
- 2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті

## **2.3 Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

- 2.3.1 барлық жастағы балалардың білімінді қабылдауды іске асыру құралдарын меңгерген, білім ерекшелігін *түсінеді*;
- 2.3.2 әртүрлі көркемсуреттік жүйенің теориясы мен тарихынан заманауи білімі бар және оларды көркемсуреттік- шығармашылық пен педагогикалық жұмысында қолдана білуді *меңгерген*;
- 2.3.3 көркемсуреттік педагогика негізі мен тарихынан білімі мен түсінігін, алған бейімдік білімін оқушыларға бере алуын *қолдану мүмкіншілігі* бар;
- 2.3.4 ғылым саласындағы жаңа хабарды, заманауи технологиялар мен өнерді контекстілеу мен түсіндіру, заманауи бағыттағы жобалау-дизайнерлік жұмыстар бағытында зерттеу сапасы түсінігін көрсетуді *қолдану мүмкіншілігін игерген*;

2.3.5 галереяларға, ұлттық мәдени, сәулет жәдігерлеріне және мұражайға экскурсия, өнер жайлы сұхбаттасуды ұйымдастыру және өткізуді қолдану мүмкіншілігі бар;

2.3.6 заманауи технологияларды, баспахана саласында ғылым және өнер құралдарын, интерьер және экстерьерді көркем безендіру, бейнелеу және қолданбалы өнерді қолдану мүмкіншілігін игерген;

2.3.7 ғылыми - педагогикалық және көркем- практикалық іскерлікті өмір бойы іс жүзінде жетілдіруге мүмкіншілігі бар

### 3.2 5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығының оқу жоспары

Оқу мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модульдер мен пәндердің атауы	ECTS	Семестр
<b>ЖБП 1</b>	<b>Жалпы білімдік пәндер модулі</b>	<b>24</b>	
<b>МПК 1.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>24</b>	
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі -B1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
<b>КПМ 2</b>	<b>Кәсіптік пәндер модулі</b>	<b>60</b>	
<b>МПК 2.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>60</b>	
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.08	Шетел тілі -B2	5	2
2.1.09	Практика-1	6	4
2.1.10	Практика-2	9	6
2.1.11	Практика-3	15	8
<b>АПМ 3</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>144</b>	

<b>МПК 3.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>81</b>	
3.1.01	Академиялық сурет - 1	5	1
3.1.02	Академиялық сурет- 2	5	2
3.1.03	Академиялық кескіндеме- 1	5	1
3.1.04	Академиялық кескіндеме- 2	5	2
3.1.05	Пейзаждық кескіндеме-1	4	3
3.1.06	Пейзаждық кескіндеме-2	5	7
3.1.07	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	4
3.1.08	Композиция негіздері	4	5
3.1.09	Композиция	4	6
3.1.10	Сюжетті композицияның әдістемесі	4	7
3.1.11	Мүсін	4	5
3.1.12	Адамның пластикалық анатомиясы	3	4
3.1.13	Бейнелеу өнері тарихы	6	5
3.1.14	Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы	3	6
3.1.15	Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі	3	6
3.1.16	Сызуды оқыту әдістемесі	3	7
3.1.17	Перспектива және сызба геометриясы	3	1
3.1.18	Сызудың негіздері	6	3
3.1.19	Машина құрастыру сызуы	3	4
3.1.20	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	4
<b>ЭПК3.2</b>	<b>Элективті пәндер компоненті</b>	<b>63</b>	
<b>4</b>	<b>Дипломдық жұмыс</b>	<b>12</b>	<b>8</b>
	<b>Барлық кредиттер ECTS</b>	<b>240</b>	
	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік Ел	3	2

3.3 Арнайы пәндер модуль бойынша ұсынылатын элективті пәндер

№	Пәндер мен оның негізі бөлімдерінің атаулары	ECTS	Семестр
<b>1</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>63</b>	
3.01	Академиялық сурет-3 Портрет суреті	4	3

3.02	Академиялық сурет-4 Портрет суретінің композициясы	3	4
3.03	Сурет-1 Жұмсақ материалдарды суретте пайдалану жолы	4	5
3.04	Сурет-2 Адам тұлғасының портреті	4	6
3.05	Сурет-3 Тақырыптық суреттің композициясы	4	7
3.06	Академиялық кескіндеме-3 Кескіндемедегі акриль бояуның техникасы	4	3
3.07	Академиялық кескіндеме-4 Психологиялық портрет композициясы	4	4
3.08	Кескіндеме -1 Адам фигурасының композициясы	4	5
3.09	Кескіндеме -2 Тақырыптық кескіндеме композициясы	4	6
3.10	Кескіндеме -3 Жанрлық кескіндеме композициясы	4	7
3.11	Бояу түсін тану Бояу түсінің теориясы	3	1
3.12	Графика негіздері Түсті графика	3	5
3.13	Компьютерлік графика Компьютерлік дизайн	3	7
3.14	Металлды көркем өңдеу ЖОО таңдауы	5	7
3.15	Киізді көркем өңдеу, кілем тоқу, чи тоқу, батик, гобелен, ЖОО таңдауы	4	6
3.16	Ағашты көркем өңдеу ЖОО таңдауы	5	7

Ескерту: Кафедраның шешімімен арнайы пәндер модуліндегі қажетті деп есептелетін практикалық пәндерді студиялық сабақ нормативтарымен саналуы керек